• Бұл түймелерді таңдалған цикл үшін қалаған цикл опцияларын таңдау үшін пайдаланыңыз.

### Дисплей шамы

• Дисплей машинаның параметрлерін, қалған уақытты, опцияларды және күй хабарларын бейнелейді. Дисплей цикл аяқталғанша қосулы тұрады.

### Қосымшалар

• Бұл түйме қосымша циклды таңдауға мүмкіндік береді және таңдағаннан кейін шам жанып тұрады.

### Тілді таңдау

• Ағылшын тілі әдепкі тіл болып есептеледі.
• Тілді тек экран қосылғанда өзгертуге болады.
• Қосу түймесін басыңыз, содан соң Уақытты созу және Бумен жуу түймесін бір уақытта Тілді таңдау пәрмені пайда болғанша 3 секундттай басып тұрыңыз.



## ■ Қосымша бағдарлама

### Уақытты созу

Машина созу уақытын автоматты түрде бастап, белгілі уақыт аралығында аяқтайтын етіп баптауға болады.

**ЕСКЕРТУ**

- Созу уақыты бағдарламаның басталуы емес аяғына дейінгі уақыт болып табылады. Нақты орындау уақыты судың температурасына, салмаққа және басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз.
3. Созу уақыты түймесін басып, қажетті уақытты орнатыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

### Бумен жуу

Бумен жуу кезінде электр қуаты үнемді пайдаланылады.
Циклды жаңалау опциясы киімдердегі бүрмелерді азайтады.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Бу курсын таңдаңыз.
3. **Бүмен жуу** түймесін басыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

**► Бумен жуу**

- Күрделі дақталған киімдер, ішкі киімдер не сәбилердің киімдері үшін арналған.
- **Мақта, Мақта үнемді, Араластырып жуу, Күтімсіз жуу, Төсектер, Аллергиядан сақтану, Жаңарту** бағдарламаларымен қолжетімді.
- Циклды жаңарту әрқашанда Бумен жуу бағдарламасы.
- Бумен жуу бағдарламасын жүн тоқымалары, жібек және түсі жеңіл кететін киімдер сияқты нәзік киімдермен пайдаланбаңыз.

### Таңдаулы

Таңдаулы бағдарламасы бапталған жуу циклдарын болашақта пайдалану үшін есте сақтайды.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз
3. Курсты таңдаңыз. (Жуу әдісі, шаю саны, айналдыру жылдамдығы, су температурасы және т.б.с)
4. Таңдаулы бағдарлама түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.

Таңдаулы бағдарлама енді болашақта пайдалану үшін сақталды.

Бағдаламаны қайта іске қосу үшін Таңдаулы бағдарламаны таңдап, Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

### Алдын ала жуу

Егер жуылатын киім қатты кірленген болса, “алдын ала жуу” функциясы өте тиімді.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз
3. Алдын ала жуу түймесін басыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

## ■ Опциялар

### Жуу

- **Уақытты үнемдеу:** Бұл опция жуу бағдарламасының уақытын қысқарту үшін пайдаланылады.
- **Қарқынды:** Егер киімдер қалыпты және қатты кірленген болса, қарқынды опциясы өте тиімді.

### Шаю

- **Шаю+ +Ұстау:** Шаю барысы аяқталғаннан кейін шаюды бір рет басыңыз, курс бастау түймесі қайтадан басылмағанша тоқтап тұрады.
- **Қалыпты+Тоқтату:** Шаю барысы аяқталғанда, курс бастау түймесі қайтадан басылмағанша тоқтап тұрады.
- **Шаю++:** Шаюды екі рет басыңыз.
- **Шаю+:** Шаюды бір рет басыңыз.

### Температура

- Темп. түймесін басып су температурасын таңдауға болады.
  - Салқын
  - 20°C, 30°C, 40°C, 60°C, 95°C
- Су температурасын бағдарламаға қарап таңдауға болады.

## ■ Басқа функциялары

### Тек айналдыру

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Айналдыру жылдамдығын таңдау.
3. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

- “Айналдырусыз” таңдалғанда ол тек суды шығарып жіберу үшін қысқа уақыт ішінде айналдырады.

### Циклды жаңарту

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Бағдарламаны жаңартуды таңдаңыз.
3. Бумен жуу түймесін дұрыс элемент шыққанға дейін бірнеше рет басыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

- Жақсырақ нәтижелер алу үшін 3 киімнен кем киім салыңыз.
  Циклды жаңарту аяқталғанда, бүрмелеудің алдын алу үшін жуылатын киім 30 минутқа дейін аударылады.
  Осы уақытта есікті кез келген түймені басып ашуға болады.

## ■ Балалардан бұғаттау

Түймелерді басып жіберудің алдын алу үшін бақылау тақтасында осы бұғаттау функциясын басыңыз. “Балалардан бұғаттау” опциясы тек жуу кезінде ғана орнатуға болады.




**Басқару панелін бұғаттау**

1. Балалардан бұғаттау түймесін бір уақытта 3 секундтай басып тұрыңыз.
2. Дауыс шығады және дисплейде “ ” пайда болады. Балалардан бұғаттау іске қосылғанда, Қосу түймесінен басқа барлық түймелер блокталады.

**ЕСКЕРТУ**

• Қосу түймесін басу блоктауды шешпейді. Басқа функцияларға қол жеткізу үшін оны өшіру қажет.




**Басқару панелінің блоктауын шешу**

1. Балалардан бұғаттау түймесін бір уақытта 3 секундтай басып тұрыңыз.
2. Дауыс шығады және диплейде ағымдағы бағдарламаның қалған уақыты қайтадан көрсетіледі.

## ■ Дабылды қосу/өшіру

Дабылды қосу/өшіру функциясын тек қосылған кезде ғана орнатуға болады.



1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.
3. **Жуу** және **Температура** бір уақытта үш секундтай басып тұрыңыз.

Дабылды қосу/өшіру функциясы қосылғаннан кейін параметр өнім өшірілсе де есте сақталады.

**ЕСКЕРТУ**

• Егер дауысты өшіргіңіз келсе осы барыс қайталағаныңыз болғаны.

## Ішін тазалау

Ішін тазалау бағдарламасы машинаның ішін тазалауға арналған цикл.
Осы циклда су көбірек толтырылып, үлкен жылдамдықпен айналдырылады.
Бұл циклды мезгіл мезгіл қосып тұрыңыз.




1. Кір жуғыш машинасынан киімдерді не жууға арналған маталарды шығарып тастаңыз да, есікті жабыңыз.
2. Дозаторды ашып, негізгі жуу бөліміне көбікке қарсы ұнтақты (мысалы Calgon) қосыңыз.
3. Дозатордың тартпасын баяу жабыңыз.
4. Машинаны қосыңыз да, Ішін тазалау. түймесін 3 секундтай басып ұстап тұрыңыз. дисплейде “Ішін тазалау” пайда болады.
5. Бастау үшін Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.
6. Цикл аяқталғаннан кейін машинаның есігінің жұмсақ аралық қабаты мен есіктің айнасын құрғату үшін есікті ашық қалдырыңыз.

## ЕСКЕРТУ

- Ұнтақ бөліміне ұнтақ қоспаңыз.
- Көбіктің аса көбейіп кетуі машинадан су ағып өтуіне себеп болуы мүмкін.
- “Барабан тазалаушы” сұйық кристалдық дисплейде әр 30 Кептіру топтамасы сайын көрсетіледі. Сосын барабан тазалаушыны қосыңыз. Барабан тазалаушы бағамын кір жуып болғаннан кейін таңдауыңызды өтінеміз. Киімдерді шығарып, барабан тазалаушы түймесіне басыңыз.

## АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер үйіңізде кішкентай балалар болса есікті ұзақ уақытқа ашық қалдырмаңыз.**

## Есікті блоктау және анықтау




- Ⓐ **“Есікті блоктау”** - Қауіпсіздік шара ретінде жуу бағдарламасы басталғаннан кейін есік блокталады. “Есікті блоктау” белгісі өшкеннен кейін есікті ашуға болады.
- Ⓑ Жуу бағдарламасы барабанды баяу аударылғанда және салынған киімдердің салмағын анықтай бастағаннан кейін және барабанға **“Определение загрузки”** шамы жанады. Ол көп уақыт алмайды.

## ■ Құрғату

• Суық су, құрғату кезінде өшірілуі керек.



• Жуу машинасында автоматты бағдарламаны орнатуға болады.

• Көпшілік бағдарламалар үшін, әсіресе құрғату бағдарламасы кезінде киімдердің біртекті матадан және тығыздығы бірдей матадан болуын қадағалаңыз.

• Салмақты асырмаңыз, киімдер барабан ішінде оңай айналуы қажет.

• Егер де киімді құрғату бағдарламасы аяқталмай шығарған болсаңыз, старт/пауза түймесін басуды ұмытпаңыз.

• Құрғату бағдарламасын баса отырып, сіз Қалыпты Эко кептіру - Қалыпты кептіру - Үтіктеу - Темен Температурада кептіру - Уақыт (30 / 60 / 120) - Эко кептіру таңдай аласыз.

• Құрғату аяқталғаннан кейін дисплейде “Cool down” жазуы пайда болады. Старт/пауза түймесін басу арқылы бағдарламаны аяқтауға болады. Егер старт /пауза түймесін баспасаңыз, бағдарлама өздігінен 4сағаттан кейін аяқталады.
Суыту циклі.

### ❶ ЕСКЕРТУ

• Қептіру айналымында құрылғыны тоқтатып қойған кезде, кептіру желдеткішінің моторы жанып кетпеуі үшін 60 секунд жұмыс істеуі мүмкін.

### Автоматты құрғату нұсқаулығы

• Киімнің негізгі бөлімін кептіру үшін,автоматты режимді қолданыңыз. Электронды құрылғылар құрғату температурасын төмендету үшін не жоғарлату үшін температураны өлшейді. Бұл құрғату уақытын төмендетеді және температураны қатаң қадағалайды.

• Әр типті маталар үшін құрғату температуралары.

a) Темен Температурада кептіру : синтетикалық киімдер үшін.

b) Үтіктеу : киімді үтіктеуді қаласаңыз

c) Қалыпты Эко кептіру : мақта маталы киімдер үшін

d) Қалыпты кептіру : мақта маталы киімдер үшін

e) Эко құрғату : су шығынын азайту үшін

f) Уақыт (30 / 60 / 120 минут)
- 30 мин. : Мақта мата / Орамал 0.5 кг
- 60 мин. : Мақта мата / Орамал 1.5 кг
- 120 мин. : Мақта мата / Орамал 3.0 кг

### ❶ ЕСКЕРТУ

• Автоматты режимде шамамен алынған құрғату уақыты, нақты уақыттан өзгеше. Қептіруден кейінгі мата типі, көлем, құрғату дәрежесі.

• Құрғатудың соңғы 11 минутында сенсор (Термистор) киімнің құрғатылу жағдайларын анықтайды. Дымқылдық төмен болғанда айналым уақыты макс. 10 минутқа арттырылады және терезе дисплейінде “11” мин. қалады.

## Құрғату уақытын таңдау

• Циферблатты бұрау арқылы, кептіру уақытын таңдауға болады.

• Құрғату циклі 150 минутқа дейін созылуы мүмкін. Тек құрғату режимін ғана таңдасаңыз, кептіру сығудан кейін басталады.

• Бұл сандар уақытты шамалы біліп өздігінен уақытты таңдау үшін берілген. Кептіру уақыты ылғалдылықтан, бөлме температурасынан, мата түрінен тәуелді, сондықтан уақытты таңдауда өз тәжірибеңізге сенген жөн.

### Жүн тоқыма

- Жүн тоқыманы барабанда кептірімеңіз. шығарып алып бастапқы кейпіне қойып кептіріңіз.

### Тоқыма заттар

- Кейбір тоқылған заттар кішірейіп отырып қалуы мүмкін.
- Құрғатудан кейін заттарды әрқашан созып жаю керек.

### Бүктесінді және синтетикалық заттар

- Салмақты асырмаңыз.
- Құрғатудан кейін заттарды барабаннан тыртыстар пайда болмас үшін бірден шығарыңыз.

### Талшық және былғары заттары

- Өндіруші нұсқаулықтарына назар аударыңыз.

### Балалар киімі және түнгі киім

- Өндіруші нұсқаулықтарына назар аударыңыз.

### Резеңке және пластик

- Резеңке мен пластиктен жасалған келесі заттар сияқты заттарды кептірмеңіз:
  a) алжапқыш, көкірекше, қаптағыш
  b) орындық жапқыштар
  c) шыны тектес заттар

### Шыны тектес заттар

- Машинада шыны тектес материалдарды кептірмеңіз. кептіруден кейін қалған шыны бөлшектері келесі кептіру кезінде киімдерді зақымдауы мүмкін.

## Құрғату аяқталуы

• Құрғату циклі аяқталғаннан кейін мульти дисплейде “Cool down” жазуы пайда болады.

• Суыту бағдарламасы құрғату бағдарламасы аяқталғаннан кейін автоматты түрде қосылады.

• Егер құрғатудан кейін киімдерді бірден шығарса, қыртыстар пайда болуы мүмкін.

• Суыту бағдарламасы белгілі бір уақаттырда киімдер тыртыспауы үшін киімдерді айналдырады.

• “Cool down” жазуы киімді шығарып, старт/пауза түймесін баспағанша дейін жанып тұрады.

# Ұнтақ қосу

## ■ Ұнтақ және тоқыма жұмсартқышын қосу

### ▶ Дозатор тартпасы




- Тек негізгі жуу ➔
- Алдын ала жуу + Негізгі жуу ➔ •

**⚠ ЕСКЕРТУ**

- Барлық жуу ұнтақтарын балалардан қашық ұстаңыз, себебі бұл жерде улану қауіпі бар.
- Тым көп сұйық жуғыш, ағартқыш пен кірді жұмсарқыштарды құймаңыздар, асып, төгіледі.
- Сұйық жуғыштың керекті ғана мөлшерін қолдан ғаныңызды ескеріңіз.

### ▶ Тоқыма жұмсартқышын қосу




- Максимал сызығынан асып кетпеуі керек. Тоқыма жұмсартқышын толтырып жіберетін болсаңыз, ол ерте қосылып киімдерде дақ қалдыру мүмкін. Дозаторды тартпасын баяу жабыңыз.
- Тоқыма жұмсартқышын ұнтақ бөлімінде 2 күннен астам қалдырмаңыз. (Тоқыма жұмсартқышы қатып қалуы мүмкін)
- Жұмсартқыш соңғы шаю циклында автоматты қосылу мүмкін.
- Су алынып жатқанда тартпаны ашпаңыз.
- Еріткіштер (бензин, т.б.) рұқсат етілмеген.

**❶ ЕСКЕРТУ**

- Тоқыма жұмсартқышты тікелей киімдердің өзіне құймаңыз.

# Ұнтақты қосу

## ▶ Жуушы заттың мөлшері

- Жуушы заттарды өндірушінің нұсқауларына сай пайдалану керек.
- Тым көп жуушы зат пайдаланылса, тым ұзақ қайнау орын алуы және бұл кір жуу нәтижесін төмендетуі немесе моторға жүктеме түсіруі мүмкін.
- Сапалы кір жуам десеңіз ұнтақталған жуғышты қолданғаныңыз жөн.
- Егер сұйық жуғышты қолданғыңыз келсе, өндіруші нұсқаулығымен танысыңыз.
- Егер дереу кір жууды көздесеңіз, сұйық жуғышты кір жуғыштың негізгі бөліміне құйсаңыз болады.
- Егер «кір жууды кейінге қалдыру» немесе «кірді жібіту» ережелерін таңдасаңыз, сұйық жуғышты қолданбаңыз, жуғыш қатады.
- Егер көбік тым көбейіп кетсе ұнтақтың мөлшерін азайтыңыз.
- Жуу затының мөлшерін су температурасына, су қаттылығына, кірдің өлшемі мен ластануына сай лайықтау керек. Ең жақсы нәтижелер алу үшін тым көп қайнауды болдырмаңыз.

### ⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сұйық жуғыштың кебуі мен қатыуына жол бермеңіз.**
  Ол құбырдың бітелуіне, кірдің дұрыс шайқалмауы мен иістенуіне әкеп соқтырады.

### ❗ ЕСКЕРТУ

- Толық толтыру: өндірушінің ұсыныстарына сай.
- Жарым-жартылай толтыру: қалыпты мөлшердің 3/4 бөлігі.
- Ең аз толтыру: толық толтырудың 1/2 бөлігі.

## ▶ Су жұмсартқышын қосу



- Арнайы қосымша жұмсартушы (мысалы Calgon-ды) суы қатты аймақтарға қолдану керек. Қорапта көрсетілген мөлшерге сай пайдаланыңыз. Алдымен жуушы затты, содан кейін су жұмсартқышын қосыңыз.
- Жұмсақ суға сияқты жуушы заттың мөлшерін пайдаланыңыз.

## ▶ Таблеткаларды пайдалану



1. Есікті ашып, таблеткаларды барабанның ішіне салыңыз.



2. Кірді барабанның ішіне салып, есікті жабыңыз.

# Техникалық қызмет көрсету

• Машинаның ішін тазалау алдында, электр шогын болдырмау үшін электр қуатының кабелін ажыратыңыз.
• Егер машина ұзақ пайдаланылмайтын болса (мысалы мейрамдар себебінен) әсіресе егер таяу тұста канализация құбырлары қарастырылмаған болса, су шүмегін өшіріңіз.

## ■ Кіретін су сүзгісі

• Жуушы зат суырмалы жәшігіне су кірмегенде “” қате туралы хабары жыпықтайды.
• Су өте қатты болса немесе онда қақ болса, кіретін су сүзгісі бітеліп қалуы мүмкін. Сол үшін оны мезгіл мезгіл жуып тұру қажет.



1. Су шүмегін өшіріңіз.



2. Кіретін су шлангасын шешіңіз.



3. Сүзгіні қылдары қатты щеткамен тазалаңыз.



4. Кіретін шланганы бекітіңіз.

## ■ Канализация суын жіберуге арналған сүзгі

• Канализация сүзгісі ішінде қалып кеткен шаштар мен кішкентай заттарды ұстап қалады. Машинаның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін үнемі сүзгінің таза екенін тексеріңіз.

### ⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

• Алдымен суды шығару түтігінің көмегімен суды шығарыңыз, содан кейін барлық заттарды алып тастау үшін сорап сүзгісін ашыңыз.
**Су ыстық болса, суды шығарғанда абай болыңыз.**

• Суды шығару сорабын тазалау, төтенше жағдайда босату немесе төтенше жағдайда есікті ашу алдында судың салқындауын күтіңіз.



1. Төменгі қақпақты ашыңыз. Шлангты тартып шығарыңыз.




Канализация суын жинайтын контейнер.

2. Канализация шлангасын ажыратыңыз. Сүзгіні сол жаққа бұрап ашыңыз.



3. Сорап сүзгісінен бөгде заттарды алып тастаңыз.



4. Тазалап болғаннан кейін сорап сүзгісін бұрап, канализация шлангасын орнатыңыз.



5. Төменгі қақпақты жабыңыз.

## ■ Машинаны қыста күтіп ұстау

Кір жуғыш машинаны қыс мезгілінде 0°C төмен температурада сақтау үшін, суды толығымен ағызып алу қажет.
Ол үшін келесі шарттарды орындау жеткілікті:
1. Сығу циклын қосыңыз.
2. Сығу циклы жұмысын бітіргеннен кейін кір жуғыш машинаны желіден айырыңыз.
3. Су жүретін кранды жабыңыз.
4. Су жүретін шлангты ажыратыңыз.
5. Су ағатын шлангты ажыратыңыз.
6. Сусіңгіш сорғының сүзгіші арқылы суды ағызыңыз.
7. Кір жуғыш машинаны келесіде қосудың алдында, қоршаған ортаның температурасының 0°C-тан жоғары екеніне сенімді болыңыз.

## ■ Дозатор тартпасы

- Машинаны біраз пайдаланғаннан кейін ұнтақ пен тоқыма жұмсартқышы тартпада көбік қалдырады.
- Мезгіл мезгіл оны қатты ағатын сумен тазалау қажет.
- Қажет болса оны қысқыштарынан ұстап, төменге қарай тарту арқылы толығымен шығаруға болады.
- Тазалауды жеңілдету үшін тоқыма жұмсартқышы бөлімінің жоғарғы бөлімін алып тастауға болады.




1. Дозатор тартпасын тартып шығарыңыз.



2. Дозатор тартпасын ағатын сумен шайыңыз.



3. Ішкі ойықтарды ескі тіс щеткасымен тазалаңыз.




4. Дозатор тартпасын орнына салыңыз.

# Техникалық қызмет көрсету

## ■ Жуу барабаны

- Егер суы қатты аймақта тұрсаңыз, көрінбейтін жерлерде үнемі қақ жиналуы және оны кетіру қиын болуы мүмкін. Уақыт өте келе жиналған қақ құрылғыларды бітеуі мүмкін және мұны тексеріп тұрмаса, оларды ауыстыру қажет болуы мүмкін.
- Жуу барабаны тот баспайтын болаттан жасалғанымен, барабанда қалдырылған шағын металл заттар (скрепкалар, қауіпсіз түйреуіштер) тот дақтарын тудыруы мүмкін.
- Жуу барабанын оқтын-оқтын тазалап тұру керек.
- Қақ түсіру заттарын, бояғыш заттарды немесе ағартқыш заттарды пайдалансаңыз, оларды осы машина үшін жарамды екенін тексеріңіз.
- Қақ түсіру затында кір жуу машинасының бөлшектерін зақымдайтын химиялық заттар болуы мүмкін.
- Барлық дақтарды тот баспайтын болатты тазалау затымен жойыңыз.
- Ешқашан болат жөкені пайдаланбаңыз.
- "Барабан тазалаушы" сұйық кристалдық дисплейде әр 30 Кептіру топтамасы сайын көрсетіледі. Сосын барабан тазалаушыны қосыңыз. Барабан тазалаушы бағамын кір жуып болғаннан кейін таңдауыңызды өтінеміз. Киімдерді шығарып, барабан тазалаушы түймесіне басыңыз.

## ■ Кір жұғыш машинаны тазалау

### ▶ Сырты

- Машинаны дұрыс күту оның өмірін ұзартуы мүмкін.
- Машинаның сыртын жылы сумен және бейтарап абразивті емес жуушы затпен тазалауға болады.
- Төгілген затты бірден сүртіп алыңыз.
- Ылғалды матамен сүртіңіз.
- Бетті үшкір заттармен ұрмауға тырысыңыз.
- Метил спиртін, еріткіштерді немесе сол сияқты өнімдерді пайдаланбаңыз.

### ▶ Ішкі бөлшектерін тазалау

Кір жуғыш машинаның Ішкі бөлімдерін 1 стақан (250 мл) кір жуғыш ұнтақ араласқан ағартқышпен шайып тұрыңыз. Машинаны қосыңыз, оған ыстық суды қолдана отырып кір жуу жоспарын толығымен орындауына мүмкіндік беріңіз. Қажет болса үрдісті қайталаңыз.

- "Барабанды тазалау" функциясы бар модельдерге берілген функцияны қолдану ұсынылады.

**ЕСКЕРТУ**

- Кермек судан қалған тұнбаны жою үшін тек кір жуу машиналарына арналған арнайы жабдықдарды өндірушінің ұсыныстарын басшылыққа ала отырып қолдану керек.

## ■ Салқын жерде орналастыру

Машина су қатуы орын алуы мүмкін аймақтарда немесе су қататын температураларда тасымалданса, машинаға зақым тигізбеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Су кранын өшіріңіз.
- Түтіктерді су көзінен ажыратыңыз және түтіктерден суды шығарыңыз.
- Электр кабелін тиісінше жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз.
- Бос жуу барабанына демалыс көлігінің уытты емес 3,8 л антифризін қосыңыз. Есікті жабыңыз.
- Айналдыру циклін қосыңыз және бүкіл суды шығару үшін машина 1 минут айналсын. Бүкіл демалыс көлігі антифризі шығарылмайды.
- Электр қуаты кабелін ажыратып, барабанның ішін құрғатып, есікті жабыңыз.
- Дозатор суырмалы жәшігін алып, бөліктерден суды шығарып, құрғатыңыз.
- Машинаны тік күйде сақтаңыз.
- Сақтаудан кейін машинадан антифризді жою үшін, жуушы затты пайдаланып машинаны толық циклден өткізіңіз. Кірді салмаңыз.

# Мəселелерді шешу бойынша нұсқаулық

• Бұл кір жуу машинасы автоматты қауіпсізідк функциясымен жабдықталған. Ол ақаулықтар ерте кезеңінде анықтайды жəне тиісінше əрекет етеді. Машина дұрыс жұмыс істемесе немесе мүлде жұмыс істемесе, қызмет көрсету орталығына хабарласу алдында келесілерді тексеріңіз.

## ■ Ақаулықтарды анықтау

| Симптом | Мүмкін болған себептер | Шешім |
|---|---|---|
| Қатты шу жəне металды соғу дауыстың шығуы | • Барабанға не сорапқа тиындар не болт кіріп қалған болуы мүмкін. | Машинаны тоқтатып, барабан мен канализация сүзгісін тексеріңіз.<br>Егер машинаны қайта іске қосқаннан кейін шу жойылмаса, қызметтік орталығымен хабарласыңыз. |
| Қатты соғу дауысының шығуы | • Қатты соғу дауысының себебі жүктің көбейіп кетуде болуы мүмкін. Бұл əдетте қалыпты жағдай болып саналады. | Егер шу жалғаса берсе машина дұрыс теңгерілмеген.<br>Машинаны тоқтатып жуылатын киімдерді қайта салыңыз. |
| Дірілдеу шуы | • Барлық тасымалдау болттары мен орамдарын алып тастадыңыз ба?<br>• Барлық аяқтар еденде тұрақты орнатылды ма? | Егер орнату кезінде алынбаған болса. Тасымалдау болттарын алу жөнінде пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз.<br>Барабандағы киімдер теңгерілмей салынған. Кір жуғыш машинаны тоқтатып, жуылатын киімдерді теңгеріп салыңыз. |
| Судың ағып өтуі. | • Шүмек алдындағы толтыру шлангасы мен канализация шлангасы кеңейіп кеткен.<br>• Үйдің канализация құбырлары бітеліп қалған. | Шланганың қосылымын тексеріп бекітіңіз.<br>Канализация құбырын тазалаңыз.<br>Қажет болса су қызметінің мамандарымен хабарласыңыз. |
| Көбіктің аса көбейіп кетуі | | Ұнтақ көп салынатын болса, не сəйкес келмейтін ұнтақ қолданған болса көбіктің аса көбейіп, су ағып өтуіне себеп болуы мүмкін. |
| Машина су ала алмайды не баяу алынады | • Осы аймақта су қалыпты емес.<br>• Су шүмегі толық ашылмаған.<br>• Кіретін су шлангасы бүгіліп қалған.<br>• Кіретін су шлангасының сүзгісі бітеліп қалған. | Үйіңіздегі басқа шүмекті тексеріңіз.<br>Шүмек толығымен ашылған.<br>Шлангты тураланыз.<br>Кіретін шлангтың сүзгісін тексеріңіз. |
| Машинадағы су кетпей тұр не баяу кетеді. | • Канализация шлангасы бүгіліп не толып қалған.<br>• Канализация шлангасы бітеліп қалған. | Канализация шлангасын тураланыз жəне тазалаңыз.<br>Канализация сүзгісін тазалаңыз. |

# Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық

| Симптом | Мүмкін болған себептер | Шешім |
|---|---|---|
| Кір жуғыш машина қосылмай тұр. | • Электр сымы қоректе қосылмаған не қосылым дұрыс болмаған. | Айыр розеткаға дұрыс кіріп тұрғанына көз жеткізіңіз. |
| | • Үйдің сақтандырғышы күйіп кеткен, электр қуаты қалқаннан өшірілген не электр қуатын пайдалану бұзылған. | Электр қалқаннан қайта қосыңыз, не оны ауыстырыңыз. Сақтандырғыштың рұқсат етілген жүгін асырмаңыз. |
| | • Су шүмегі ашылмаған. | Егер ақаулық себебі шамадан көп пайдалануда болса, тәжірибелі мамандармен хабарласып оны жөндеңіз. Су шүмегін ашыңыз. |
| Машина айналмады. | ❋ Есік дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз. | Есікті жауып, Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз. Бастау/Тоқтату түймесін басқаныңыздан кейін, айналдыру бірнеше уақыттан кейін басталуы мүмкін. “Айналдыруды” қосу алдында есік жабылуы тиіс. |
| Есік ашылмайды. | | Қауіпсіздік шара ретінде жуу бағдарламасы қосылғаннан кейін есікті ашу мүмкін емес. Оны “Есікті блоктау” жазуынан анықтауға болады. “Есікті блоктау” белгісі өшкеннен кейін есікті ашуға болады. |
| Циклдың жуу уақыты созылды. | | Жуу уақыты салынған жүктің салмағына, су басымына, су температурасына және басқа шарттарға байланысты түрлі болуы мүмкін. Егер өнім дұрыс теңгерілмеген болса, не көбікті жою бағдарламасы қосылған болса, жуу уақыты ұзартылуы қажет. |
| Кондиционердің көп құйылып кету | Кондиционердің көп құйылуы толып кетуге әкеледі | Кондиционерді қолдану нұсқаулығына сәйкес қолданыңыз. Максималды деңгейден осырмаңыз. |
| Кондиционердің белгіленген уақыттан бұрын шашырауы | | Мөлшерлеуішті абайлап жабыңыз. Жуу кезінде мөлшерлеуішті ашпаңыз. |

# Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық

## ■ Қате туралы хабарлар

| Симптом | Мүмкін болған себептер | Шешім |
|---|---|---|
|  | • Осы аймақта су қалыпты емес..<br>• Су шүмектері толық ашылмаған.<br>• Кіретін су шлангасы бүгіліп қалған.<br>• Кіретін су шлангасының сүзгісі толып қалған. | Үйіңіздегі басқа шүмекті тексеріңіз.<br>Шүмек толығымен ашылмаған.<br>Шлангты тураланыз.<br>Кіретін шлангтың сүзгісін тексеріңіз. |
|  | • Канализация шлангасы бүгіліп не толып қалған.<br>• Канализация шлангасы толып қалған. | Канализация шлангасын тураланыз және тазалаңыз.<br>Канализация сүзгісін тазалаңыз |
|  | • Салынған жүктің салмағы тым аз.<br>• Жүктеу теңгерімнен тыс.<br>• Өнім теңгерімді тексеру және дұрыстау жүйесімен жабдықталған. Егер жеке салмақты киімдер салынған болса (мысалы, ванна материалдары, ванна халаты және т.б.) жүйе айналдыруды тоқтату, сондай-ақ айналдыру циклын толығымен тоқтату мүмкін.<br>• Егер цикл аяқталғаннан кейін жуылатын киімдер аса ылғалды болса, теңгеру үшін кішкентай киім қосып, айналдыру циклын қайталаңыз. Есік жабылғанына көз жеткізіңіз. | Жүкті теңгеру үшін 1 не 2 ұқсас киім қосыңыз. Дұрыс айналдыруды қамтамасыз ету үшін жүкті қайта теңгеріңіз. |
|  |  • Есік жабылғанына көз жеткізіңіз. | Есікті жақсылап жабыңыз.<br>❋ "  " түймесі қалпына келмесе, қызметтік орталығымен хабарласыңыз. |
| tE | | Өнімді өшіріп, қызметтік орталығымен хабарласыңыз. |
| FE | • Судың көбейіп кетудің себебі шүмектің дұрыс істемеуінде. | Су құбырының шүмегін жабыңыз.<br>Өнімді электр қорегінен ажыратыңыз.<br>Қызметтік орталығымен хабарласыңыз. |
| PE | • Су деңгейі сенсоры дұрыс істемей тұр. | |
| LE | • Моторға шамадан тыс жүк арттырылған. | Мотор суығанша машинаны 30 минуттай пайдаланбаңыз, содан кейін циклды қайта бастаңыз. |
| PF | • Жуғыш электр қорегіне қосылмаған. | Циклды қайта бастаңыз. |
| dHE | • Суды тексеріңіз | Су беру кранын ашыныз, " dHE " сөзі өшпесе розеткадан айырды шығарып сервис орталығына коңырау шалыңыз. |
| AE | • Судың ағып өтуі. | Қызметтік орталығымен хабарласыңыз. |

## ЕСКЕРТУ

- Smart Diagnosis™ қызметі тек қана Smart Diagnosis™ белгісі бар өнімдерде ғана жұмыс істейді. Егер ұялы телефоныңыздың байланысы кедергілерге толы болса, Smart Diagnosis™ қызметі жұмыс істемеуі мүмкін.

## ■ Smart Diagnosis™ нұсқаулығы (жедел көмек)

- Бұл іcметті тек қызмет көрсету орталығының ұсынысы бойынша қолданыңыз.
  Мәліметтер қызмет көрсету орталығына дыбыс арқылы жетеді, бұл дыбыс факс дыбысымен ұқсас.
- Smart Diagnosis™ (жедел көмек) қызметі кір жуғыш машинаның тоқтан ажыратылған түрінде қолданылмайды. Мұндай жағдайда кір жуғыштың кемшіліктері Smart Diagnosis™ (жедел көмек) қызметінен тыс жолдарымен түзелуі тиіс.

Кір жуғыш машинаңызда кемшіліктер пайда болған жағдайда клиенттерге қолдау көрсететін отралыққа қоңырау шалып, маманның берер нұсқаулығын ретімен орындаңыз.



**1.** Кір жуғышыңыздың «қуат көзі» түймесін басыңыз. Басқа ешқандай түймелерді баспаңыз, жуғыш ережелерін қоспаңыз.



**2.** Оператордың нұсқаулығы бойынша телефонның микрофонын «қуат көзіне» жақын апарыңыз.






**3.** «Температура» көзін 3 секунд бойынша басып ұстап, телефонды «қуат көзінің» алдында ұстаңыз.

**4.** Деректер өтіп болғанша телефонды осы қалыпта ұстап тұрыңыз.
Бұл үдеріс 6 секундқа созылады, телефонның дисплейінде осы уақыт саналып көрсетіледі.
- Нақты нәтижеге қол жеткіңіз келсе, дыбыс берерде телефонды қозғалтпауға тырысыңыз.
- Қызмет көрсету орталығының операторы мәліметтерді жартылай немесе толық алмаған жағдайда, осы мәліметтерді сізден қайтадан жіберуді талап етуі мүмкін.

**5.** Уақыт саналып бітіп, дыбыс арқылы кететін мәліметтер жіберіліп болғанан соң оператормен сөйлесуді жалғастырсаңыз болады. Ол жиналған мәліметтерді техникалық орталыққа саралауға жібереді.

# Кепілдеме шарттары

### Ескі құрылғыны тастау



1. Барлық электр және электрондық өнімдерді үкімет немесе жергілікті билік бекіткен жинау орындарына, жалпы қоқыстан бөлек тастау, керек.
2. Ескі құрылғыны дұрыс тастау қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін ықтимал теріс салдарлардың алдын алуға көмектеседі.
3. Ескі құрылғыны тастау туралы қосымша ақпарат үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

### ЕСКЕРТУ

• Машинаны қоқысқа лақтыру алдында электр сымдарын кесіп тастаңыз және жас балалардың құрылғының ішінде қамалып қалудың алдын алу үшін есіктің ілгегін бұзып тастаңыз.

## Не қамтылмаған:

• Өнімді пайдалану әдісін үйрету үшін үйіңізге бару.
• Өнімді деңгейлер кестесінде көрсетілгеннен басқа кернеуге қосу.
• Ақаулықты кездейсоқ жағдай, елемеу, дұрыс пайдаланбау немесе табиғат апаты тудырса.
• Ақаулықты қалыпта, үйде пайдаланудан немесе пайдаланушы нұсқаулығына сай пайдаланудан басқа факторлар тудырса.
• Өнімді пайдалану бойынша оқыту немесе өнімді орнатуды өзгерту.
• Ақаулықты егеуқұйрықтар немесе тарақан, т.б. сияқты үй жәндіктері тудырса.
• Қалыпты деп саналатын шу немесе діріл, мысалы, шығарылған судың дыбысы, айналу дыбысы немесе ескерту сигналдары.
• Орнатуды түзету. Мысалы, өнімді көлденең ету, су шығаруды лайықтау.
• Пайдаланушының нұсқаулығында ұсынылған қалыпты техникалық қызмет көрсету.
• Машинадан, соның ішінде сораптан және кіріс түтік сүзгісінен бөгде заттарды алып тастау. Мысалы, құм, тырнақ, бюстгальтер сымдары, түймелер, т.б.
• Сақтандырғыштарды ауыстыру, үйдің сымдарын немесе үйдің су құбырын түзету.
• Рұқсат етілмеген жөндеулерді түзету.
• Осы құрылғының жеке заттарға тигізуі мүмкін бір рет немесе көп рет болатын зақымы.
• Өнім коммерциялық мақсаттармен пайдаланылса, оған кепілдік берілмейді. (Мысалы: Қоғамдық ванна бөлмесі, қонақ үй, оқыту орталығы, жатақхана сияқты қоғамдық мекемелер)
Өнім әдеттегі қызмет көрсету аймағынан тыс орнатылған болса, өнімді жөндеуге немесе ақаулығы бар бөлшекті ауыстыруға байланысты бүкіл тасымалдау шығынын иесі көтереді.

# Memo

Біздің құралдардың сапа куәлігі туралы, куәліктің нөмері туралы және оның жарамдылық мерзімі туралы мағлұматты сіз LG - дың Тұтынушыға қызмет көрсету орталығынан тегін телефон бойынша біле аласыз.

**Эл Джи Электроникс Инк.**
**76, Сеонгсан-донг, Чанвон,**
**Гйонгнам(Гьёнгнам) 641-713, Корея**
**Сделано в Корее / Зроблено в Кореї / Кореяда жасалған**

Өндірілген күні кір жуғыш машинаның барабанының үстінде, есігінің арғы жағында этикеткада көрсетілген. Күннің форматы: аа/жжжж.

| | Телефон | |
|---|---|---|
| Ресей | 8-800-200-7676 | http://www.lg.com |
| Беларусь | 8-820-0071-1111 | |
| Латвия/Latvija | 802 002 01 | |
| Литва/Lietuva | 8 800 080 81 | |
| Эстония/Eesti | 8 00 99 90 | |
| Украина | 0-800-303-000 | |
| Қазақстан | 8-8000-805-805 | |
| | 2255 (Ұялы байланыс қолданушыларға) | |
| Қырғызстан | 8-0000-710-005 | |
| Өзбекстан | 8-800-120-2222 | |

| | |
|---|---|
|  | Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады. |
|  | Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін. |